

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 228 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың

интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Мыналар:

а) осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымының техникалық схемаларын әзірлеу және оларды Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымының тізіліміне орналастыруды қамтамасыз етуді құзыретіне Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады;

б) "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу рәсімін орындау мерзімі осы Шешім күшіне енген күннен бастап 9 айдан аспайды деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 128 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары

I. Жалпы ережелер

Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдануды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 19 наурыздағы № 38 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимыл тәртібі туралы" 2016 жылғы 16 мамырдағы № 149 шешімі;

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесін бекіту туралы" 2016 жылғы 30 қарашадағы № 158 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің анықтамалығы туралы" 2017 жылғы 8 маусымдағы № 62 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды

енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесі (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде пайдаланады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар" – өз аумағының және Одақтың кедендік аумағының карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Одаққа мүше мемлекет (бұдан әрі – мүше мемлекет) енгізетін уақытша сипаттағы шаралар, тыйымдар мен шектеулер;

"мүдделі тұлға" – сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе қадағалау органы немесе шаруашылық жүргізуші субъект (карантинге жатқызылған өнімді өндіруші) ретінде фитосанитария саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға, ол Одақтың ақпараттық порталында уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтерді сұратады;

"уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсы" – қалыптастыру мен жүргізуді мүше мемлекеттердің өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдарынан (бұдан әрі – уәкілетті орган) алынатын мәліметтердің негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асыратын уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс.

Осы Қағидалардағы өзге ұғымдар Шартта, Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімімен, 1951 жылғы 6 желтоқсандағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияда, фитосанитариялық шаралар жөніндегі халықаралық стандарттарда және Одақтың құқығына кіретін өзге де актілерде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдері тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. "Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.SS.12, версия 0.2.0.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты Одақтың кедендік аумағының карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және карантиндік объектілерді анықтаудың бастапқы сатысында барлық мүше мемлекеттердің барынша тиімді карантиндік фитосанитариялық шараларды келісілген қолдануын қамтамасыз ету есебінен карантиндік объектілермен залалданған немесе ластанған карантинге жатқызылған өнімді әкелу, транзиттеу және олардың айналымы тәуекелін төмендету үшін жағдайлар жасау болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1) Одақтың ақпараттық порталында мәліметтерді жариялау мақсатында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің толық және өзекті жалпы ақпараттық ресурсын құруды, қалыптастыруды және комиссияда жүргізуді қамтамасыз ету;

2) уәкілетті органдар арасында, сондай-ақ уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мынадай мәліметтермен жедел ақпарат алмасуды қамтамасыз ету:

уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу, өзгерту немесе күшін жою туралы (бұдан әрі - уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтер);

уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы, оның ішінде өз аумағында ұқсас уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы немесе карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы мәліметтерді қарау нәтижелері туралы (бұдан әрі - уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер);

сұрау салу бойынша енгізілетін уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы қосымша ақпарат (бұдан әрі – уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтер);

3) сұрау салу бойынша уәкілетті органдардың уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алуын қамтамасыз ету;

4) қазіргі кезде уәкілетті органдар қолданатын және уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу кезінде пайдалану үшін қажетті тізбелерді, сыныптауыштар мен анықтамалықтарды әзірлеу, үйлестіру және жаңарту, сондай-ақ олардың электрондық нысандарын әзірлеу;

5) Одақтың ақпараттық порталында берілген өлшемдер бойынша мәліметтерді іздестіру, сондай-ақ уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсының мәліметтерін жаңартуға жазылуды ресімдеу мүмкіндігімен барлық мүдделі тұлғалар үшін уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізімі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың мыналарды жүзеге асыратын органы: уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ оның мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялау; уәкілетті органнан уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтер алу; хабарланатын уәкілетті органнан уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер алу; уәкілетті органнан уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтер сұрату және алу; уәкілетті органға сұрау салу бойынша уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер беру
		мыналарды жүзеге асыратын уәкілетті орган: Комиссияға және

P.SS.12.ACT.001	уәкілетті орган	хабарланатын уәкілетті органға уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтер ұсыну; хабарланатын уәкілетті органнан уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер алу ; сұрау салу бойынша Комиссияға және хабарланатын уәкілетті органға уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтерді ұсыну; уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер сұрату және алу
P.SS.12.ACT.002	хабарланатын уәкілетті орган	мыналарды жүзеге асыратын уәкілетті орган: уәкілетті органнан уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтер алу; Комиссияға және уәкілетті органға уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер ұсыну; уәкілетті органнан уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтер сұрату және алу
P.SS.12.ACT.003	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталы арқылы уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер сұрайтын және алатын заңды немесе жеке тұлға

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығы болып табылады:

1) уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері (P.SS.12.PGR.001);

2) уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері (P.SS.12.PGR.002);


3) уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдері (P.SS.12.PGR.003);

4) уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алу рәсімдері (P.SS.12.PGR.004).

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде уәкілетті органдар Комиссияға және басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтерді, оның ішінде қажет болған кезде сұралатын уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтерді ұсынады. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтер алған уәкілетті органдар Комиссияға және басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер ұсынады.

Комиссия уәкілетті органдардан алынатын мәліметтердің негізінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсын қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады, Одақтың ақпараттық порталының құралдарымен мүдделі тұлғалар үшін уақытша фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ уәкілетті органдардың сұрау салулары бойынша уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің ақпараттық ресурсынан мәліметтер ұсынады.

12. Жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процес құрылымы

13. Операциялардың мұқият сипаттамасын қоса алғанда, жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Бөлімде жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып жасалды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

4. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы (P.SS.12.PGR.001)

15. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға және хабарланатын уәкілетті органдарға жібереді.

Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу кезінде уәкілетті орган "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.12.PRC.001) және "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.12.PRC.002) рәсімдерін орындайды.

Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара өзгерген кезде уәкілетті орган "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны өзгерту туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.12.PRC.003) және "Уәкілетті органға уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді ұсыну" (P. SS.12.PRC.004) рәсімдерін орындайды.


Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның күші жойылған кезде уәкілетті орган "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.12.PRC.005) және "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.12.PRC.006) рәсімдерін орындайды.

Уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мәліметтер алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 228 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдар арасында мәліметтер алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 228 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 228 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі - Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуі тиіс.

16. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.12.PRC.001	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу	уәкілетті орган рәсімді орындау процесінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық

	туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну	порталында жариялау үшін уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.
P.SS.12.PRC.002	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну	уәкілетті орган рәсімді орындау процесінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабарланатын уәкілетті органға жібереді
P.SS.12.PRC.003	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны өзгерту туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну	уәкілетті орган рәсімді орындау процесінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді қалыптастырады және комиссияға жібереді
P.SS.12.PRC.004	Уәкілетті органға уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді ұсыну	уәкілетті орган рәсімді орындау процесінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның өзгергені туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабарланатын уәкілетті органға жібереді
P.SS.12.PRC.005	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну	уәкілетті орган рәсімді орындау процесінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.
P.SS.12.PRC.006	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның	уәкілетті орган рәсімді орындау процесінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді қалыптастырады және

5. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы (P. SS.12.PGR.002)

18. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау кезінде хабарланатын уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға және уәкілетті органдарға жібереді.


Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер ұсынылған кезде хабарланатын уәкілетті орган "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.12.PRC.007) және "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.12.PRC.008) рәсімдерін орындайды.

Уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мәліметтер алмасу Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдар арасында мәліметтер алмасу Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

19. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.12.PRC.007	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну	хабарланатын уәкілетті орган рәсімді орындау процесінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
P.SS.12.PRC.008	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну	хабарланатын уәкілетті орган рәсімді орындау процесінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді

6. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдерінің тобы (P.SS.12.PGR.003)

21. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдерін орындау кезінде хабарланатын уәкілетті орган немесе Комиссия уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беруге сұрау салуды қалыптастырады және уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізген уәкілетті органға жібереді. Уәкілетті орган көрсетілген сұрау салуды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді немесе сұрау салу өлшемдерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны қалыптастырады және хабарланатын уәкілетті органға немесе Комиссияға жібереді.

Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беруге сұрау салу жіберілген кезде Комиссия "Комиссияға уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беру" (P. SS.12.PRC.009) рәсімін орындайды.

Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беруге сұрау салу жіберілген кезде хабарланатын уәкілетті орган "Уәкілетті органға уақытша


карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беру" (P. SS.12.PRC .010) рәсімін орындайды.

Уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мәліметтер алмасу Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдар арасында мәліметтер алмасу Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

22. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте ұсынылған.



4-сурет. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.12.PRC.009	Комиссияға уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беру	рәсімді орындау процесінде сұрау салу Комиссияға уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беру жүзеге асырылады

P.SS.12.PRC.010	Уәкілетті органға уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беру	рәсімді орындау процесінде сұрау салу бойынша хабарланатын уәкілетті органға уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беру жүзеге асырылады
-----------------	--	--

7. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алу рәсімдерінің тобы (P.SS.12.PGR.004)

24. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алу рәсімдері Комиссия уәкілетті органдардан тиісті сұрау салуды алған кезде орындалады.


Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алу рәсімдерін орындау шеңберінде уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер сұрату өңделеді.


Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер сұрату уәкілетті органның уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына енгізілген уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы барлық мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсындағы мәліметтер не толық көлемде не белгілі бір күн мен уақыт жағдайы бойынша сұралады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алу" (P. SS.12.PRC.011) рәсімі орындалады.

Уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мәліметтер алмасу Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

25. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтерді алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 5-суретте ұсынылған.





5-сурет. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

26. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.12.PRC.011	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсынан мәліметтер алу	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган сұрау салу бойынша уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсында камтылған мәліметтерді алуды жүзеге асырады

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

27. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде өздері туралы мәліметтер немесе олардан берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.12.BEN.001		уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді және уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органдар

	уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтер	мен Комиссия арасындағы ақпарат алмасу барысында берілетін уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтер
--	--	---

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

28. Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің ақпараттық өзара іс-қимылына қатысатын мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту Шартқа, өзге де халықаралық шарттарға және Одақтың құқығын құрайтын актілерге, ал уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

29. Жалпы процесс анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

Жалпы процесс анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Тип	Сипаттама
1	2	3	4
P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Дүниежүзілік кеден ұйымының тауарларын сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген тауарлардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.019	әлем елдерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдер атауларының тізбесін және олардың кодтарын қамтиды
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 639-1 сәйкес тілдердің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды


P.CLS.036	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының анықтамалығы	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық одақ органдары атауларының тізбесін және оларға сәйкес кодтарын қамтиды
P.CLS.068	шаруашылық субъектілерін сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.10.CLS.001	карантиндік объектілер анықтамалығы	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 08 маусымдағы № 62 шешімімен бекітілген. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 158 шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды.


VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері

"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.SS.12.PRC.001) рәсімі

30. "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.SS.12.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы 6-суретте көрсетілген.





6-сурет. "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.12.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы

31. "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.12.PRC.001) рәсімі уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізген кезде орындалады.

32. Бірінші "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу" (P.SS.12.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

33. Комиссия уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алған кезде "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияның қабылдауы және өңдеуі" (P.SS.12.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мәліметтер уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына енгізіледі, ал уәкілетті органға уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына енгізілуінің нәтижесі туралы хабарлама жіберіледі..

34. Уәкілетті орган мәліметтерді уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына енгізу нәтижесі туралы хабарламаны алған кезде "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы

хабарлама алу" (P. SS.12.OPR.003) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

35. "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияның қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.12.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді жариялау" (P. SS.12.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

36. Комиссияның уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына енгізуі, сондай-ақ уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.12.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

37. "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.SS.12.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.SS.12.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.12.OPR.001	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.SS.12.OPR.002	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияның қабылдауы және өңдеуі	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.SS.12.OPR.003	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген

P.SS.12.OPR.004	уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
-----------------	---	--

9-кесте

"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу" (P. SS.12.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с№	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.12.OPR.001
2	Операцияның атауы	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізген кезде орындалады
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу туралы мәліметтер Комиссияға жіберілді

10-кесте

"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияның қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.12.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с№	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.12.OPR.002
2	Операцияның атауы	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу

		туралы мәліметтерді Комиссияның қабылдауы және өңдеуі
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Орындаушы уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу" (P. SS.12.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабар мен электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу туралы мәліметтер қабылдайды және оларды Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру табысты орындалған жағдайда орындаушы көрсетілген мәліметтерді уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына енгізуді жүзеге асырады, оларды жаңарту күні мен уақытын толтырады, Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді өңдеу нәтижесі кодының мәнімен уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына енгізу нәтижесі, мәліметтерді тиісті қосу

		туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелер	уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу туралы мәліметтер уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына енгізілді, уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

11-кесте

"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу" (P. SS.12.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.12.OPR.003
2	Операцияның атауы	уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	Уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияның қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.12.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс

6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама өңделді


12-кесте

"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді жариялау" (P . SS.12.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.12.OPR.004
2	Операцияның атауы	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсына мәліметтер енгізілген кезде орындалады (" Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияның қабылдауы және өндеуі" (P.SS.12.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы Одақтың ақпараттық порталында уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтердің ақпараттық ресурсынан жаңартылған мәліметтердің жариялануын қамтамасыз етеді
7	Нәтижелер	уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер Одақтың

"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.12.PRC.002) рәсімі

38. "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.12.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы 7-суретте ұсынылған.



7-сурет. "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.12.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы

39. "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.12.PRC.002) рәсімі уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізген кезде орындалады.

40. Бірінші "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу" (P.SS.12.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабарланатын уәкілетті органға жібереді.

41. Хабарланатын уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алған кезде "Уәкілетті органның уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P.SS.12.OPR.006) операциясын орындайды, оны орындау нәтижелері бойынша хабарланатын уәкілетті орган көрсетілген мәліметтерді өңдеуді орындайды, ал уәкілетті органға уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама жіберіледі.

42. Уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алған кезде "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.12.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

43. Хабарланатын уәкілетті органның уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алуы "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.12.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

44. "Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.12.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.12.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.12.OPR.005	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.SS.12.OPR.006	Уәкілетті органның уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.SS.12.OPR.007	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген

14-кесте

"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу" (P.SS.12.OPR.005) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.12.OPR.005
2	Операцияның атауы	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу

3	Орындаушы	Уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уәкілетті орган уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізген кезде орындалады
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабарланатын уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелер	уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер хабарланатын уәкілетті органға жіберілді

15-кесте

"Уәкілетті органның уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.12.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.12.OPR.006
2	Операцияның атауы	Уәкілетті органның уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі
3	Орындаушы	хабарланатын уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	Орындаушы уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу" (P. SS.12.OPR.005) операциясы)
		мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының

5	Шектеулер	сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабар және электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер қабылдайды, оларды Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді, уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелер	уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер алынды және өңделді, уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

16-кесте


"Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алу" (P. SS.12.OPR.007) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.12.OPR.007
2	Операцияның атауы	Уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Уәкілетті органның уақытша карантиндік фитосанитариялық шараны енгізу

		туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.12.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
